ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің Х Республикалық пәндік олимпиадасы 5В020300-«Тарих» мамандығы бойынша

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің Х Республикалық 5В020300-«Тарих» мамандығы бойынша өткізілетін пәндік олимпиадасы келешектегі тарихшы мұғалімдердің творчестволық жарысы және кәсіби-педагогикалық қызметіне қажетті студенттердің білім деңгейін, біліктілігін анықтауға бағытталған.

Олимпиада өздерінің педагогикалық қабылеттілігі бар, творчестволық жұмыс істеуге бейімді, кәсіби құзыреттілік дәрежесі жоғары студенттерді халықаралық олимпиадаға қатысатын командалық рухты қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің Х Республикалық 5В020300-«Тарих» мамандығы бойынша өткізілетін пәндік олимпиадасы талантты студенттік жастарды қолдауға мүмкіндік жасайды.

Республикалық олимпиаданың мақсаты мен міндеті

- Қазақстанның творчестволық жастарының белсенді өмірлік және азаматтық позициясын дамытуға, сонымен бірге рухани-адамгершілік және ғибраттық денсаулықты, күш көрсету мен агрессияға қарсы, қоғамда өзінің орны бар және өзін соның толық қанды мүшесі ретінде сезінуге тәрбиелейді;
- Студенттердің кәсіби-тұлғалық мүмкіндігін ашуға, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық белсенділігін, өздерінің мүмкіндіктерін қолдануына және оны жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды;
- Ерекше білімді және қабылетті студенттерді тандау және қолдау көрсету;
- Білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыруға бағытталған;
- Еліміздің әртүрлі жоғары оқу орындары «Тарих» мамандығы студенттерінің бір-бірімен достық қатынастары мен творчестволық жағынан байланыс орнатуына мүмкіндік жасау.